

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

3 желтоқсан 2025

№ AIFC-C/CFI/2025/0061 ic

ЕЛЕУСИЗОВ ТИМУР ЖАКСЫБАЕВИЧ

Талап қоюшы

қарсы

- (1) «DIGITAL AGRO LTD.» Жеке компаниясы (МФЦА, Қазақстан Республикасы)**
- (2) Ливандовский Борис Брониславович**
- (3) Никулин Максим Владиленович**
- (4) «AGRONAVIGATOR» ЖШС**
- (5) «ДОНЕЦКОЕ КОЛЛЕКТИВНОЕ ХОЗЯЙСТВО» ЖШС**

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Том Монтагю-Смит КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 7 қарашадағы талап қою арызының нысанына сәйкес Талап қоюшы Сотқа 2025 жылғы 2 қазанда біржақты төреші Нестерова Елена Викторовна ханыммен қабылданған, 2025 жылғы 27 маусымдағы Халықаралық төрелік орталығының төрағасы Томас Крюммель мырзаның хаты негізінде ХТО № 98/2025 төрелік талқылауына қатысты тағайындалған төреші шығарған Төрелік шешімнің V бөлімінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы Бұйрық шығару жөнінде өтініш білдірді.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
 1. Елеусизов Тимур Жаксыбаевичтің (ИИН 780813302661) пайдасына Ливандовский Борис Брониславовичтен (ИИН 750718301344), Никулин Максим Владиленовичтен (ИИН 770823350337), «AGRONAVIGATOR» ЖШС-тен (БИН 201040000310) және «ДОНЕЦКОЕ КОЛЛЕКТИВНОЕ ХОЗЯЙСТВО» ЖШС-тен (БИН 151240004011):
 - бірігіп негізгі қарыз, сыйақы және айыппұл сомасын 7 100 750 (жеті миллион жүз мың жеті жүз елу) теңге көлемінде;
 - төрелік іс жүргізу шығындарын 339 608 (үш жүз отыз тоғыз мың алты жүз сегіз) теңге көлемінде өндіру;
 2. Елеусизов Тимур Жаксыбаевичтің (ИИН 780813302661) «Digital Agro Ltd.» Жеке компаниясына (БИН 220340900409) қатысты талаптары қараусыз қалсын;
3. Жауапкерге бұл Бұйрықты алған сәттен бастап 14 күн ішінде оның күшін жою туралы өтініш беруге құқығы беріледі;
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер берген кез келген өтініш толық қанағаттандырылғанға дейін, қайсысы кейінірек орын алса, сол уақытқа дейін орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес түрде өзі қорғады.

Жауапкер өкілдік етілмеді.